

**Электронды ақпарат
құралдары****Электронные средства
информации****Electronic
mass media**

ӘОЖ 070

М. Абдраев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: abdraev moldahan@kaznu.kz

Телесұхбат – ақпарат алу әдісі

Автор мақаласында жалпы телехабар жасау барысындағы телесұхбат және режиссерлық шеберлік пен студиялық хабардың үйлесімділігін зерделейді. Көптеген телехабар, телефильм, тележаңалықтар, деректі фильмдердің мәні сұхбат алу арқылы толықтырыла түседі. Демек, телесұхбат студиялық, студиядан тыс ұйымдастырылған жағдайда да бүгінгі күнге сай әлеуметтік-жедел сұхбат және мәдени-дәстүрлі сұхбат түрінде де қатарын көбейте түсуде. Оның мәнділігі әлемдік дағдарыс пен жаһандану дәуірінің көпжақты қырларының ашыла түсуінде. Яғни экономикалық-саяси, әлеуметтік-мәдени тұжырымдардың жиі өзгеріске ұшырауы стратегиялық бағытты айқындаудың талабынан туындады. Демек, телесұхбат жанрларының халықтық, қоғамдық қозғалыспен қатар ауқымдана берері хақ.

Түйін сөздер: автор, телесұхбат, тележанр.

M. Abdraev

Teleinterview is a method of collection of information

The author of article gives the characteristic of interaction of teleinterview – director's skill – transfer on television station, and also efficiency of the information process, revealing degree of familiarity of the data containing in interview, audience.

Keywords: author, teleinterview, telegenre.

М. Абдраев

Телеинтервью – это метод сбора информации

Автор статьи дает характеристику взаимодействия телеинтервью – режиссерское мастерство – передача на телестудии, а также эффективности информационного процесса, выявляющей степень освоенности сведений, содержащихся в интервью, аудиторией.

Ключевые слова: автор, телеинтервью, тележанр.

Эфирді игеру журналистік бекініс болған-дықтан студияға басшылық жасау – басты талаптардың бірі. Телесұхбаттағы басшылық дегеніміз не? Көрерменді телеэкран арқылы қалай басқарамыз? Экран арқылы қалың көпшіліктің көңілін тауып, дiттеген ой мақсатынан шығу әлемдік телеарналардың даму тенденциясының жүгін арқалап келеді. Демек, жүргізуші, сұхбат

алушы журналистің ұйымдастыру қабілетіне зер салынады. Яғни көрермен кадрдегі журналистің рухани жетістігі каншалықты деңгейде екенін жазбай таниды, оның танымдық дүниесіне, көкірек сырына баға береді. Тек сұрақ қою арқылы ғана жауап алу кемшілік болып есептеледі. Сауал қоғамдық, әлеуметтік рухта, өзектелген мәселелерді қозғайтындай

моральдық тұрпатта қойылса, көрермен де студиямен хабарласу арқылы ақпараттық негізде сұрақ береді. Жалпыға айналған жауап-сауалдан өзгелер де қанағаттанарлық дүние табады. Осындай көпшілік көрермендермен телеарна арқылы қауышу дәстүрі журналистік шеберлікпен жүзеге асырылады. Көрерменнің хабарға жұмылдырылуы әр-түрлі психологиялық қатынастарға итермелей отырып, сөзден сөз, сұрақтан сұрақ туындай береді де ақпараттық нышаны аңғарылып отырады.

Студиялық хабар негізінде жүргізілген телесұхбатта шақырылған қонақтар тарапынан айтылған идея мен атқарылған іс-шаралары төңірегіндегі әңгіме – әрісі есеп, берісі жоспар, ойы ортақ тақырыпты құрайтын басты нысана болғандықтан оның әлеуметтік деректілігі де арта береді. Сондықтан да телесұхбат жанрының ерекшелігі оның ақпараттық жанрға жақын тұруында ғана емес, өзге де ірі жанрлардың сипатын ашатын мазмұндық, тақырыптық, идеялық өзектілігінде.

Телесұхбат таспаға жазылып алынған соң өңдеу аппаратында көрінісаралық пен сұхбаттаралық құбылыстың эстетикалық құндылығын арттырудағы көркемдеу тәсілдері телевизияның көрнекілігін құптатады. Алайда мұнда кадр сыртындағы көркем баяндау мен әсірелеп әңгімелеу телесұхбаттың мәнін ашуда кереғар құбылыс ретінде танылады. Себебі сұхбат беруші айтар ойын шынайы білдіргенде ғана оның ыждаһат іскерлігі мен шеберлігі танылып, шешендігі боямасыз сөздермен арта түседі. Тақырыпқа деген көрермен қызығушылығын арттыру – сұхбаттың ерекшелігі. Осы орайда, іркілмей, еркін төгілген ой көркемдігінің салмағы ауқымды, толымды түрмен молыға түсетіні дәлелді. Өйткені тәжірибеде көріп жүргеніміздей, студиялық, мекенжайлық, мекемеішілік сұхбаттың негізгі тақырыбы әңгімеден бастау алып, талдау, саралау, пікір, көзқарас білдірумен өрістейді.

Сондықтан телесұхбат жанрының қозғайтын мәселесі терең, көтерер тақырыбы да ауқымды болғандықтан, бірнеше топқа бөлініп қарастырылады. Дейтұрғанмен, сұхбат – қоғамдық құрылымның түріне қарай ерекше сипат алып, әлеуметтігі арта түсетін жанр. Т. Қожакеев: «...интервью түрлеріне келсек, оны негізінен екі топқа бөліп жүрміз. Олар – хабарлама интервью және түсіндірмелі. ...Мысалы, хабарлама

интервью интервью – диалог, интервью – манолог және интервью мазмұндама деп жіктелсе, ал түсіндірмелі интервью тобына интервью – суреттеме, прессконференция, дөңгелек үстел басындағы әңгіме, анкета және сын – интервью жатады», – дейді. Қожакеев Т. 7-том, 40 бет. (Таңдамалы шығармалар, көптомдық. 7-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 346 бет).

Көптеген телехабар, телефильм, тележаңалықтар, деректі фильмдердің мәні сұхбат алу арқылы толықтырыла түседі. Демек, телесұхбат студиялық, студиядан тыс ұйымдастырылған жағдайда да бүгінгі күнге сай әлеуметтік-жедел сұхбат және мәдени-дәстүрлі сұхбат түрінде де қатарын көбейте түсуде. Оның мәнділігі әлемдік дағдарыс пен жаһандану дәуірінің көпжақты қырларының ашыла түсуінде. Яғни экономикалық-саяси, әлеуметтік-мәдени тұжырымдардың жиі өзгеріске ұшырауы стратегиялық бағытты айқындаудың талабынан туындады. Демек, телесұхбат жанрларының халықтық, қоғамдық қозғалыспен қатар ауқымдана берері хақ. Іс пен сөздің қатар өрбуі телеарналық сұхбат хабарлардан айқын көрініп, мағыналық арқауы ашылып отырады. Сұхбаттағы сөз ширай келе адамтанудан әлеуметтануға ұмтылдырып, ісаралық қимыл-қозғалыс қатынастылығында көркемдік пішінге қанығады.

Сұхбаттағы басты байланыс құралы – тіл. Осы орайда, ғұлама ғалым З. Қабдолов: «Бір кездегі ым, одан кейінгі үн адамдардың еңбек процесінде туған, адамдардың ойын өрбітер қозғаушы күш болатын. Бірақ тілсіз дұрыс қарым-қатынас жасау мүмкін емес те, қарым-қатынасыз жалпы қоғам болуы мүмкін емес. Үнсіз ым, тілсіз үн – әншейін қарапайым ұғымдар маңында ғана түсінісу, ал өзара ойласу, пікірлесу, сырласу тек тіл арқылы ғана мүмкін еді. Міне, осы ретпен туған адам баласының тілі адам қоғамы дамыған сайын дамып, байыған сайын байып келе жатыр. Тіл заңы – объективті заң», – дейді. Қабдолов З. Сөз өнері 188 б. (Сөз – өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.)

Сұхбаттаса отырып, айналаңа көңіл бөлесің, ал төңірегің саған ықылас аударып отырады. Сөйлесу, пікірлесу, ой бөлісу нәтижесінде нысаналы сөздеріңмен әлеуметтік тұлғаға айналасың. Яғни сұхбат берушінің рөлі қоғамдық мәнге ие болуының себебі, әр сөзінің

ақпараттық энергиясын көрермен қабылдайды. Сөздің күші тілдің қуатымен жүзеге асырылады да, телекоммуникациялық жүздесу арқылы тақырып мәселесі төңірегінде жан-жақты ақпараттандырылады.

Сұхбаттағы екі немесе бірнеше адамның әңгімелесуі бейнелік және дыбыстық қатынастың үйлесімділігімен, яғни сөйлеу, мәнерлеу, мысалдау тәсілдерімен бейнематериалдың сапасын құрайды. Демек, теледидар ақпарат жүйесінің қуатты орталығы бола отырып, сұхбат жанрының жаңаша формаларын да қамтыды. Соның негізінде адами жауапкершілік, мәдени сана, азаматтық рух қалыптастыруда бастапқы орынды иеленеді. Өйткені әр телеарна көрермен үшін күреседі. Сондықтан да әлеуметтік-саяси хабарлардың бел алуы телесұхбат жанрының белсенділігін арттырып отыр. Мұның тағы бір себебі, халықаралық қатынастың дамуы және ғылыми-техникалық үрдістің шартарапқа таралуы телеконтингенттің кеңістігін ұзарта түсті.

Телесюжеттің мәтіні образдау емес. Болған оқиғаның кеңістігін қамту арқылы детальды көріністің объективті қабылдануымен шектеледі. Себебі сюжет те, мәтін де көрерменге сол мезетінде қабылданады.

Ол бейнелеу де емес, ақпараттандырылған сәт. Бірнеше қимыл-әрекеттің басын қосқан оқиға тізбесінен тұратын жаңалықтар жетілімі. Демек, сюжет пен мәтінді тұтынушы, яғни қабылдайтын психологиялық адресат бар. Ол – көрермен, тыңдарман.

Телесюжеттегі жаңалықтар мәтіні идеалдандырылмайды. Мәтін өте құнды деректі мәлімдеп қана қоймайды, мәліметтейді. Телекадр сыртындағы мәтіндеушінің көрерменге іс-әрекетті жеткізу формасы. Мұндай жағдайда кадрдегі журналист эмоциялық кейіпте көрінгенімен, мәтінге ерекше мән беріледі. Соның негізінде сұрақтар туындайды.

Ал телехабар, деректі фильмдердегі мәтіннің орналасу тәртібінде әдеби категориялар көптеп қолданылады. Онда әуірлеу, сипаттау, көркемдеу, теңеу, метафора, тағы басқа элементтердің жиынтығы қолданылады. Себебі көрерменнің көңілінен шығу талабы белгілі бір шарттарды орындаудан бөлек – жылылық таныту, жұмсақ сөзбен көңілге еніп, езу тартарлық юмор, әзіл сөз тәрізді суреткерлік қабілет пен адам мінезін

кейіптеу тәсілдері, тіпті, бейнекадрмен образдау мақсатталады. Яғни «сөздер мен сөз бөліктерінің құрылымы немесе олардың өзара сабақтаса байланысуы сынды талаптар орындалады» (О. Ошанова «Сөйлеу мәдениетінің негіздері» (73 б.). – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 186 б.).

Демек, сюжеттің құрылымына орай мәтіндік баяндау беріледі. Қай тұрғысынан алып қарасаң да тіл – негізгі айқындаушы құрал. Бірақ экрандық телехабармен, деректі фильмдер сахналық тартысты бейнелемейді. Алайда мәтіндеу ережесімен оқиғаның мағынасын аша түседі. Әрі тіл туралы теориялық түсініктер де дәл осы мәтіндеу кейпінде биік маңызға көтеріледі.

Сюжеттердің тұтастығы тақырыптық детальдардың айқындылығында. Айқын деген – нәрсе телекөріністерде шындыққа жақын дүниелердің жиынтығы. Мысалы: өткен дәуірдің қуғын-сүргін кесепатын бейнелеу үшін адамдардың аш-жалаңаш тұрпатын, азып-тозған тобырды, ызаға булыққан ашулы түр-әлпетті, аяушылыққа лайық қимылдарды, мүсәпірлікке мойынсынған жандарды кадрлеу көзделеді. Мұндай көріністер – кезеңнің драмалық эпизодтары.

Демек, сөз бен сөйлем тұтастығы мәтіндік үйлесімге түсіп, бейнекадрлық көріністер жалпы мазмұндық бітімді құрайды. Сондықтан телеарнада эфирлік өнімді әзірлейтін журналист мына жағдайларды ескеруі шарт:

Біріншіден, тіл меңгерудің әлеуметтілігін басты назарда ұстау: Яғни тіл тазалығын есте ұстап, шеберлікті меңгеру. Бұл ахуал мәдени-этностық пікір-көзқарасты арттырып, тыңдаушылар мен көрермендер санын ұлғайтады. Басқаша айтқанда, тілдің идеологиялық ықпалы функционалды нысанаға айналады. Сондай-ақ ақпарат пен телехабардың, телефильм мен деректі фильмдердің, тіпті, телеарна қызметінің сапа деңгейі қоғамдық құрылымның жалпы көзқарасымен айқындалады.

Екіншіден, журналист телеарнадағы көрсетілген ақпараттың, ахуал оқиғалардың желісін мәтін ырғағымен таратады. Ол сюжеттің композициялық құрылымына терең мазмұн береді.

Үшіншіден, тіл – қауымдастық қатынас. Оның өзі былай жіктеледі:

1. Көрермен сізбен іштей тідесіп отырады.
2. Көпшілік ой жетегімен сізбен қатынаста болады.

3. Алыстағы жұртшылық ризашылығын білдіріп, көріп отырған телекөріністің шынайылығына, жүргізуші шеберлігіне дән риза шапалақ соғып жатады. Себебі әр көрермен психологиялық иірімді бастан кешіреді.

Дейтұрғанмен, көркем шығармадағы сюжеттің құрылымын автор өзі ойластырады. Телеақпараттық сюжеттер мекен мезгіл, уақыт өлшемімен жаңалықтарға тән принципке тоқталады. Сол себепті мәтін ұғынықты тіркестерден тұрады. Сөйлемнің көп мағыналылығы сюжеттік шығарылымға әсте қажет емес.

Осы орайда, О. Ошанованың «жазбаша тілге бірқатар тілдік ерекшеліктер тән: кітәби лексиканы меңгеру, құрылымдық жүйелерді білу, тіл нормасын қатаң сақтау, тілге жат элементтердің қолданылмауы, тағы басқа... Ал ауызша тіл, керісінше тыңдаушылардың болғанын қалайды. Сөйлеуші мен тыңдаушы бірін-бірі естіп қана қоймайды, бірін-бірі көріп отырады. Сондықтан да, ауызша тіл айтылған ойдың қалай қабылдануына тікелей тәуелді болады» (О. Ошанова «Сөйлеу мәдениетінің негіздері» 48 бет, Алматы: Қазақ университеті, 2012) деген сөзін ескерер болсақ, кадрдегі журналистің сөзіне қойылар талап пен кадр сыртындағы мәтінге артылар жүк те ортақ жауапкершіліктің салмағын көтереді.

Әдебиеттер

- 1 Қожакеев Т. Тандамалы шығармалар. 7 том. 40 б. – Алматы: Қазақпарат, 2007. – 346 б.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352б.
- 3 Ошанова О. Сөйлеу мәдениетінің негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.

References

- 1 Kozhakeev T. Tandamaly shygarmalar. 7 tom.40 b. – Almaty: Kazakparat, 2007. – 346 b.
- 2 Kabdolov Z. Soz oneri. – Almaty: Kazak universiteti, 1992. – 352 b.
- 3 Oshanova O. Soileu madenietinin negizderi. – 48 b. – Almaty: Kazak universiteti, 2012.